ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРЛІГІ
ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҚ ІСТЕР КОМИТЕТІНІҢ
«ЖОБАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ВЕДОМСТВОДАН
ТЫС САРАПТАУ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
КӘСІПОРНЫ
(«МЕМСАРАПТАМА» РМК)

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО
ВЕДЕНИЯ «ГОСУДАРСТВЕННАЯ
ВНЕВЕДОМСТВЕННАЯ ЭКСПЕРТИЗА ПРОЕКТОВ»
КОМИТЕТА ПО ДЕЛАМ СТРОИТЕЛЬСТВА И
ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА
МИНИСТЕРСТВА ПРОМЫШЛЕННОСТИ И
СТРОИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
(РГП «ГОСЭКСПЕРТИЗА»)

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы,
Күлтөбе қысқа көшесі, 7 ғимарат. Тел: 8 (7172) 57-44-84, факс: (7172) 54-14-93
e-mail: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

Республика Казахстан, 010000, г. Астана, район Байконыр,
переулок Култобе, здание 7. Тел: 8 (7172) 57-44-84, факс: (7172) 54-14-93
e-mail: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

26.05.2025 № 01-01-11/2613

«Батыр» ЖК
Иманәлі Батырбек Байназарұлы
Email: batyrbek.imanali@mail.ru

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) принтерлерді мемлекеттік сатып алу №73285034-ОК3 сатып алуға қатысты 2025 жылғы 21 мамырдағы № 257844 шағымыңызды қарап, өз құзыреті шеңберінде келесіні хабарлайды.

2025 жылғы 16 мамырдағы № 150185 қорытынды хаттамасына сәйкес Сіздің конкурстық өтініміңіз мынадай себептермен қабылданбады: Конкурстық құжаттамаға 17-қосымшада Әлеуетті өнім беруші тауарды жеткізу күнін көрсетпеген - «Жеткізу мерзімі: шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күннен аспайды».

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 212-тармағының 2) тармақшасына сәйкес егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі келесі негіздемелер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылмайды):

техникалық ерекшелікті ұсынбау;

әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сондай-ақ техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбауы;

конкурста сатып алу мәні болып табылатын жұмыстарды, сондай-ақ конкурстық құжаттамаға 20-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен қызметтердің түрлерін орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтерді бермеу (әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда) және тағы басқа.

Өз кезегінде әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамаға 17-қосымшаға сәйкес тауардың атауы, оның маркасы және/немесе тауар белгісі не қызмет көрсету белгісі, моделі, типі, шығарылған елі, дайындаушы зауыты, шығарылған жылы, кепілдік мерзімі, сондай-ақ ұсынылатын тауардың функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану және өзге де сипаттамалары көрсетілген сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігін ұсынуы тиіс.

Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына 13-қосымшаға сәйкес бекітілген техникалық ерекшелікте «жеткізу мерзімі: шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күннен аспайды» деп көрсетілген.

Сіздің конкурстық өтініміңізді зерделеу арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 17-қосымшаға сәйкес техникалық ерекшелікте тапсырыс беруші талап ететін жеткізу мерзімі көрсетілмегені анықталды.

Осылайша, конкурстық комиссия сіздің конкурстық өтініміңізді заңды түрде қабылдамады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 100-бабының 6-тармағына, сондай-ақ 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, осы шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін екенін хабарлаймыз.

Карагойшин Т.Д.
Генеральный директор
РГП "Госэкспертиза"

Орынд.: Кабашова Н.Б.
235018

Жумашова М.Б.
Главный специалист
РГП "Госэкспертиза"

Байгонусова К.Т.
Главный специалист
РГП "Госэкспертиза"

Оспанов Ж.К.
Руководитель комплаенс-службы
РГП "Госэкспертиза"

Кабашова Н.Б.
Главный специалист
РГП "Госэкспертиза"